

Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алыш тастау туралы шешімдер қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 1 маусымдағы № 384-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 3 маусымда № 22917 болып тіркелді.

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алыш тастау туралы шешімдер қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрінің
2021 жылғы 1 маусымдағы
№ 384-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімдерінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алыш тастау туралы шешімдер қабылдау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 13.03.2025 № 99-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алып тастау туралы шешімдер қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алып тастау туралы шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сәйкестікті бағалау жөніндегі орган – сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;

2) сәйкестікті растау жөніндегі орган - сәйкестікті растау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

3) сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар – Заңың 7-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен аттестатталған жеке тұлғалар;

4) сынақ зертханасы (орталығы) (бұдан әрі – зертхана) – сынақтарды (зерттеулерді) жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін оның құрылымдық бөлімшесі;

5) аккредиттеу жөніндегі орган – аккредиттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарға мүше болып табылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорын.

2-тaraу. Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алып тастау туралы шешімдер қабылдау тәртібі

3. Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – Тізілім) ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізуді немесе алып тастауды аккредиттеу жөніндегі органның басшысы құратын Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алып тастау мәселесін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың материалдарды қарау нәтижелері бойынша аккредиттеу жөніндегі орган жүзеге асырады.

4. Өтініш берушінің осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген Тізілімге енгізу шарттарына сәйкестігін тексеру мақсаттары үшін аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 20 (жынырма) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкестікті бағалау жөніндегі органның сәйкестігі туралы ақпаратты қоса бере отырып, материалдарды Комиссияның қарауына енгізеді.

5. Комиссияның материалдарды қарау мерзімі аккредиттеу жөніндегі орган енгізген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған оның мүшелері осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзімде қол қояды.

6. Комиссия сәйкестікті бағалау жөніндегі органның материалдар мен ақпаратты мынадай шарттарға сәйкестігін қарайды:

1) сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін:

Қазақстан Республикасының мәлімделген саладағы сәйкестікті бағалау саласындағы заңнамасына сәйкес қолданыстағы аккредиттеу аттестатының болуы;

аккредиттеу саласындағы сәйкестікті растау жөніндегі органда Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалауға жататын өнімнің (өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін) немесе бірынғай тізбеке енгізілген өнімнің (бірынғай тізбеке енгізілген өнімнің сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін) болуы;

аккредиттеу саласына сәйкес қызметтің барлық бағыттары бойынша сәйкестікті растау жөніндегі бір органда еңбек шарты негізінде қызметтің жүзеге асыратын өнім бойынша сарапшы-аудиторлардың сәйкестікті растау жөніндегі органның штатында болуы;

сәйкестікті растау жөніндегі орган басшылығында өтелмеген немесе алынбаған: сәйкестікті бағалау жөніндегі құжаттарды заңсыз беруге байланысты туындаған қылмыстық сотталғандықтың немесе сәйкестікті бағалау саласындағы әкімшілік сотталғандықтың болмауы;

аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе нормативтік құжаттарға (бірынғай тізбеке енгізілген өнім үшін) не Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналымға шығаруға әкеп соққан, бір жыл ішінде анықталған бұзушылықтардың, сондай-ақ аккредиттеу аттестатының қолданылу уақытында бір техникалық регламентке қатысты жаппай бұзушылықтардың (бес және одан көп) және (немесе) үш және одан да көп техникалық

регламенттер бойынша көптеген бұзушылықтардың (он және одан көп) немесе жүйелі бұзушылықтардың (мерзімді қайталанатын бұзушылықтар үш және одан көп), сәйкестік сертификаттарын негіzsіz беру жағдайларының болмауы;

занды негізде сәйкестікті растау жөніндегі органда Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне аккредиттеу саласына енгізілген өнімнің (өнім топтарының) сипаттамаларына (көрсеткіштеріне) зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер жүргізуі қамтамасыз ететін кемінде 50 (елу) пайыз көлемдегі үй-жайлардың және жабдықтың, сондай-ақ бірыңғай тізбеке енгізілген өнімнің болуы;

сәйкестікті растау жөніндегі орган штатында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе нормативтік құжаттардың (бірыңғай тізбеке енгізілген өнім үшін) талаптарына не Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналымға шығаруға әкеп соққан, бір жыл ішінде анықталған бұзушылықтардың, сондай-ақ аккредиттеу аттестатының қолданылу уақытында бір техникалық регламентке қатысты жаппай бұзушылықтардың (бес және одан көп) және (немесе) үш және одан да көп техникалық регламенттер бойынша көптеген бұзушылықтардың (он және одан көп) немесе жүйелі бұзушылықтардың (мерзімді қайталанатын бұзушылықтар үш және одан көп), сәйкестік сертификаттарын негіzsіz беру жағдайларының болмауы;

Комиссияның қарауына материалдарды енгізу күннен бұрын 1 жыл ішінде аккредиттелген тұлғалармен сәйкестікті растау жөніндегі бірлескен жұмыстарды жүргізу кезінде, оның ішінде шет мемлекеттердің сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының нәтижесінде сәйкестікті растау туралы құжаттарды жаппай немесе жүйелі түрде негіzsіz беру жағдайларына жол берілген бұзушылықтардың дәлелденген фактілерінің болмауы;

құрылымдық бөлімшесі сәйкестікті растау жөніндегі орган ретінде ұлттық аккредиттеу жүйесінде аккредиттелген занды тұлғада міндетті сертификаттау жөніндегі жұмыстардың мәлімделген көлемінде орындалуын қамтамасыз ету үшін, оның ішінде жұмыстарға тапсырыс берушілер алдында жауапкершілікті, сондай-ақ сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау қағидаларының бұзылуына байланысты туындаған залалдар үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының (сақтандыру сомасы немесе жарғылық капиталдың мөлшері) болуы.

Аkkreditteu субъектісі ретінде қызметін тоқтатқан және бұл ретте міндетті сертификаттау шеңберінде берілген өнімге өздері берген сәйкестік сертификаттарының қолданысын тоқтатпаған не инспекциялық бақылау жүргізу жөніндегі функцияларды басқа сәйкестікті растау жөніндегі басқа органдарға беруді жүзеге асырмаған сәйкестікті растау жөніндегі орган Тізілімге енгізілмейді.

2) зертханалар үшін:

Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы заңнамасына сәйкес қолданыстағы аккредиттеу аттестатының болуы;

аккредиттеу саласындағы зертханада Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін бағалауға жататын өнімнің (өнімнің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарына сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын зертханалар үшін) немесе бірыңғай тізбеке енгізілген өнімнің (бірыңғай тізбеке енгізілген өнімнің сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын зертханалар үшін) болуы;

зертхана басшылығында өтелмеген немесе алынбаған сәйкестікті бағалау жөніндегі құжаттарды заңсыз беруге байланысты туындаған қылмыстық сottалғандықтың немесе сәйкестікті бағалау саласындағы әкімшілік сottалғандықтың болмауы;

зертхана басшылығын және оның орынбасарларының мамандығы және (немесе) даярлау бағыты бойынша аккредиттеудің барлық саласына немесе оның бөлігіне сәйкес келетін жоғары білімнің, сәйкестікті бағалау саласында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы, бұл ретте зертхананың материалдарды жіберген күннен бұрынғы 10 (он) жыл ішіндегі жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе нормативтік құжаттардың (бірыңғай тізбеке енгізілген өнім үшін) талаптарына не Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналымға шығаруға әкеп соққан, бір жыл ішінде анықталған бұзушылықтардың, сондай-ақ аккредиттеу аттестатының қолданылу уақытында бір техникалық регламентке қатысты жаппай бұзушылықтардың (бес және одан көп) және (немесе) үш және одан да көп техникалық регламенттер бойынша көптеген бұзушылықтардың (он және одан көп) немесе жүйелі бұзушылықтардың (мерзімді қайталараптың бұзушылықтар үш және одан көп), сәйкестік сертификаттарын негізсіз беру жағдайларының болмауы;

Комиссияның қарауына материалдарды енгізу күннен бұрын 1 (бір) жыл ішінде аккредиттелген тұлғалармен сәйкестікті раставу жөніндегі бірлескен жұмыстарды жүргізу кезінде, оның ішінде шет мемлекеттердің сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының нәтижесінде сәйкестікті раставу туралы құжаттарды жаппай немесе жүйелі түрде негізсіз беру жағдайларына жол берілген бұзушылықтардың дәлелденген фактілерінің болмауы;

құрылымдық бөлімшесі зертхана ретінде ұлттық аккредиттеу жүйесінде аккредиттелген заңды тұлғада міндетті сертификаттау жөніндегі жұмыстардың мәлімделген көлемінде орындалуын қамтамасыз ету үшін, оның ішінде жұмыстарға тапсырыс берушілер алдында жауапкершілікті, сондай-ақ сәйкестікті раставу жөніндегі жұмыстарды орындау қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының (сақтандыру сомасы немесе жарғылық капиталдың мөлшері) болуы.

7. Комиссия шешімі қабылданған күннен бастап аккредиттеу жөніндегі орган 2 (екі) жұмыс күні ішінде сәйкестікті бағалау жөніндегі органды Тізілімге енгізу туралы шешім қабылдайды, ол туралы сәйкестікті бағалау жөніндегі органға хабарлама жіберіледі.

8. Сәйкестікті бағалау жөніндегі орган осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген Тізілімге енгізу шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган Комиссия шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің 73-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, сәйкестікті бағалау жөніндегі органды Тізілімге енгізуден бас тартады.

9. Сәйкестікті бағалау жөніндегі органды Тізілімнен алып тастау аккредиттеу жөніндегі органның шешімімен Комиссия шешімінің негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде мына жағдайларда ресімделеді:

1) аккредиттеу жөніндегі органға Тізілімнен алып тастау туралы сәйкестікті бағалау жөніндегі органнан өтініштің түсуі;

2) сәйкестікті бағалау жөніндегі органның аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу, оның қолданылуын тоқтату, тоқтата тұру, одан айыру, күшін жою;

3) сәйкестікті бағалау жөніндегі органның осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген Тізілімге енгізу шарттарына сәйкес келмеуі.

10. Тізілімде қамтылған мәліметтер ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады.